

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 278 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 желтоқсанда № 5039 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 - бабы 6 - тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31 – бабы 2 тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Солтүстік Қазақстан облыстық филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданының әкімі*

И. Турков

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы қаржы
Министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
мемлекеттік кірістер Департаментінің
Жамбыл ауданы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ М.М. Садықов
2018 жылдың " __ " _____

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы
әкімдігінің 2018 жылдың "30" қарашасындағы №
278 қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 27.12.2019 № 344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№ р/с	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймақ коэффициенті	
Архангелка ауылдық округі			
1	Архангелка ауылы	1,7	
2	Айтуар ауылы	1,6	
3	Үлгі ауылы	1,55	
4	Баян ауылы	1,7	
5	Баймағанбет Ізтөлин ауылы	1,2	
Благовещенка ауылдық округі			
6	Благовещенка ауылы	№ I - аймақ	1,65
7		№ II - аймақ	1,6
8		№ III - аймақ	1,4
9	Богдановка ауылы	1,4	
10	Майбалық ауылы	1,55	
Жамбыл ауылдық округі			
11	Жамбыл ауылы	1,75	
12	Амангелді ауылы	1,2	
13	Есперлі ауылы	1,55	
14	Қарағаш ауылы	1,25	
15	Суаткөл ауылы	1,65	
Казанка ауылдық округі			
16	Казанка ауылы	1,9	
17	Екатериновка ауылы	1,85	

18	Светлое ауылы		1,6
Қайранкөл ауылдық округі			
19	Қайранкөл ауылы		1,65
20	Новое ауылы		1,3
21	Украинское ауылы		1,75
Кладбинка ауылдық округі			
22	Кладбинка ауылы		1,85
23	Сенжарка ауылы		1,55
24	Симаки ауылы		1,25
25	Новорыбинка ауылы		1,95
26	Миролубово ауылы		1,85
Майбалық ауылдық округі			
27	Святодуховка ауылы		1,75
28	Жаңажол ауылы		1,65
29	Ольговка ауылы		1,25
30	Сәбит ауылы		1,75
Мирный ауылдық округі			
31	Мирное ауылы		1,75
32	Айымжан ауылы		1,8
33	Ұзынкөл ауылы		1,8
34	Петровка ауылы		1,85
35	Рождественка ауылы		1,4
Озерный ауылдық округі			
36	Озерное ауылы		1,45
37	Бауман ауылы		1,35
38	Қарақамыс ауылы		1,1
Первомай ауылдық округі			
39	Буденное ауылы		1,65
40	Калиновка ауылы		1,65
41	Кабань ауылы		1,3
42	Чапаевка ауылы		1,55
Преснов ауылдық округі			
43	Пресновка ауылы	№ I - аймақ	1,95
44		№ II - аймақ	1,85
45		№ III - аймақ	1,7
46		№ IV - аймақ	1,6
47	Железное ауылы		1,85
Пресноредуть ауылдық округі			
48	Пресноредуть ауылы		1,65
49	Нұрымбет ауылы		1,2
50	Макарьевка ауылы		1,65
51	Ястребинка ауылы		1,05

Троицкий ауылдық округі		
52	Троицкое ауылы	1,6
53	Орталық ауылы	1,25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК